

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Болатов Абай Есболатович

**АГРАРЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА АРҚЫЛЫ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН
КӨТЕРУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару магистрі
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ Мемлекеттік басқару магистрі,
Туризм индустриясы комитетінің төрағасы
Рыспеков Д. А.

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023ж.

Басқару институтының директоры _____ Саяси ғылымдарының докторы
Гаипов З.С.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ.....	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	9
ҚОРЫТЫНДЫ.....	39
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	40
КОСЫМША.....	42

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды:

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі;

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы;

«Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы;

«Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы;

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы.

Белгілеулер мен қысқартулар

АҚШ	- Америка құрама штаттары
UNWTO	- Дүниежүзілік туристік ұйым
ЕО	- Еуропалық одақ
БҚБ	- Беларусь қоғамдық бірлестік
ААҚ	- Ашық акционерлік қоғам
АҚ	- Акционерлік қоғам
ҰК	- Ұлттық компания
ЖШС	- Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Кіріспе

Қазіргі қоғамда әр мемлекеттің алдында әлеуметтік әділеттілікті, әрбір азамат үшін лайықты өмір сүру жағдайларын жасау, бастапқы мүмкіндіктерге тең болу, қала және ауыл тұрғындарының ара жігінің арасын алшақтатпауды қамтамасыз ету міндеті тұр. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес мемлекетімізде ауылдан қалаға көшу үрдісі белең алды. Қалаларға көшу салдарынан теріс сальдо 2020 жылы – 67 908 адам, 2021 жылы – 65 158 адам, 2022 жылы - 79 173 адамды құрады. Ал, 2017-2022 жылдары адамдардың табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесі 4,6-дан 7,2% - ға дейін өсті, яғни 2022 жылдың IV тоқсанында республика бойынша 986 587 адам, оның ішінде 502 367 адам ауылдық елді мекендерде тұратындығы анықталды. Сонымен қатар, мемлекетіміздің ауылда тұратын жұмысқа жарамды азаматтардың 33% өз бетінше жұмыспен қамтылған. Олардың саны 1,2 миллионнан астам [1]. Ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көрсеткіші олардың ресми жұмысқа орналасу мүмкіндігінің жоқтығын, яғни, олардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмағандығын және бірінғай жинақтық зейнетақы қорына, жеке табыс салығы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорларына аударымдардың жоқтығын көрсетеді. Бұл жағдайда ауыл экономикасын жан-жақты әртараптандыру қажет, жұмыспен қамтудың өзге нысандарын, оның ішінде аграрлық туризмді, қолөнерді, құрылыс пен жер қойнауын дұрыс пайдалануды, логистика мен өнеркәсіпті қолдау осы жағдайдан шығу жолы болып табылады[2].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспары әзірленді.

Кешенді жоспарды жүзеге асыру келесідей 4 бағыт бойынша іс-шараларды қамтиды:

- 1) бюджеттен төленетін жалақыны арттыру бойынша міндеттемелер;
- 2) жаңа (тұрақты) жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың табысын арттыру;
- 3) халық табысының сатып алу қабілетін қорғау;
- 4) табыс деңгейін арттыруға алып келетін жүйелі шаралар [3].

Аталған жоспардың II бөлімінде Ауылдық жерлерде ауыл халқын сапалы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндеттемесінде шаруа және фермер қожалықтары базасында аграрлық туризмді дамыту жөніндегі шешімдер кешенін әзірлеу арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту және еңбек табысын арттыру көзделген. Осыған орай, жоба шеңберінде аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бойынша қарастырылады.

Ауылдың тұрғындары жергілікті жерлерде аграрлық туризм немесе ауылдық туризмді дамыту арқылы бәсекелестікке қабілетті болатындай қаражат табуға болатындығын көбісі біле бермейді. Осы магистрлік жобаның өзектілігі

ауыл халқының аграрлық туризмді дамыту арқылы жаңа жұмыс орнын ашып әл-ауқаттарын көтеру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы туризм ұлттық экономиканың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстанның экономикалық және бірегей табиғи, тарихи әлеуеті бар екенін ескере отырып, елімізде туризмнің алуан түрін дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Қазақстан Республикасының ауылдарының, өзен көлдердің, ауыл шаруашылығына арналған жерлердің, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің потенциалын пайдалана отырып ауылдың туристік потенциалын жетілдіру қажеттілігі туындауда.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы аясында *Аграрлық туризм (ауыл туризмі) саласын дамытуда мынадай шаралар қабылданатын болады делінген:*

- 1) «аграрлық туристік қызмет» және «ауыл туризмі» ұғымдарын енгізу;
- 2) аграрлық туризмді көпшілікке тарату және насихаттау шарасы;
- 3) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық жерлерде агротуристік объектілерді: мейманханаларды, «аграрлық туристік ауылдар», «балықшылар ауылдары және аңшылық ауылдары» нысанында мамандандырылған жеке отельдерді құру, дамыту және т.с.с. қарастырылған.

Аграрлық туризм – өндірушілер немесе қызмет көрсетушілер қызметтерін әртараптандыруға және табысын арттыруға тырысатындықтан, танымалдығы артып келе жатқан сала болып табылады. Ауыл шаруашылығы мен туризмді біріктіре отырып, аграрлық туризм жаңа табыс көздерін ұсынады. Қарапайым тілмен айтқанда, аграрлық туризм ауыл шаруашылығы нысандары туристерге қызмет көрсетуші ретінде қарастыруға болады. Техникалық тұрғыдан алғанда, аграрлық туризмді ауылшаруашылық өндірісін сонымен қатар, өңдеуді туристермен байланыстыратын коммерциялық кәсіпорынның нысаны ретінде анықтауға болады, ол келушілерді қызықтыру, үйрету, білім беру мақсатында фермаға, отбасылық үйлерге, экологиялық табиғи парктерге немесе басқа ауылшаруашылық кәсіпорындарды тарту болып табылады. Туристердің ауылдық жерлерге баруын, ауылдық жерлердегі тынығуды және сауықтыруды қамтитын аграрлық туризмнің дамуына Қазақстан Республикасында жақсы перспективалар бар. Аграрлық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін ресурстар республиканың барлық өңірлерінде бар және туризмнің осы түрін дамыту үшін алғышарттар келесідей:

- урбанизация деңгейінің өсуі;
- экологиялық таза өнімдермен тамақтанудың өсу үрдісінің артуы;
- демалу және ерекше тарихи-мәдени мұрамен таныстыруға қызығушылық.

Қазақстанда туризмді дамыту бойынша концепциясына сәйкес аграрлық туризм ұғымына мынадай анықтама беріледі:

Аграрлық туризм - келуші қонақтарға орналасу, тамақтану, демалу, экскурсиялық қызмет көрсету бойынша, келушілердің бос уақыты мен спорттық іс - шараларды, аңшылық пен балық аулауды ұйымдастыру, білім мен дағдыларға ие болу, сондай-ақ туризмнің белсенді түрлерімен айналысуға

мүмкіндікті қалыптастыру мен беруді көздейтін жаңа және перспективті бағыт болып табылады.

Аграрлық туризмнің тартымды ерекшеліктері ол таза ауа, үйдегідей жағдай, таза табиғат, табиғи азық-түлік, тыныштық және қызықты тұрмыс-тіршілік болып табылады. Бұл табиғатқа ұқыпты қарау экономикалық тиімді болатын, жергілікті халықты осы процеске тартуға ықпал ететін қоршаған ортаны қорғаудың қуатты құралы.

Нақты анықтамаға немесе терминологияға қарамастан, аграрлық туризмнің кез келген анықтамасы келесі төрт факторды қамтиды:

- туризм мен ауыл шаруашылығы салаларының маңызды элементтерін біріктіреді;
- жұртшылық өкілдерін ауыл шаруашылығы жұмыстарына баруға қызықтырады;
- шаруа қожалықтарының қосымша табысын арттыруға арналған;
- келушілерге демалыс, ойын-сауық және/немесе білім беру тәжірибесін ұсынады.

Аграрлық туризм туристерге, қауымдастықтарға және өндірушілерге бірқатар қаржылық, білім беру, үйрену және әлеуметтік жеңілдіктерді қамтамасыз ету үшін туризм мен ауыл шаруашылығы индустриясын біріктірудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Аграрлық туризм ауыл шаруашылығы өндірушілерге қосымша табыс алуға және тұтынушыларға тікелей маркетингке жол ашуға мүмкіндік береді. Яғни, аймаққа туристер санын және олардың болу мерзімін арттыру арқылы туризм индустриясын жақсартады. Аграрлық туризм сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарына түсетін салық көлемін ұлғайтуға және жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аграрлық туризм халыққа, туристерге білім беру және үйрету мүмкіндіктерін береді, ауыл шаруашылығы жерлерін сақтауға, өндірісті дамытуға және мемлекеттерге бизнес кәсіпорындарын дамытуға мүмкіндік береді [4].

Аграрлық туризммен шұғылданатын бизнес кәсіпорындарының дамуынан келесідей нәтиже күтілуі мүмкін:

- ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін қосымша табыс көзі және әл-ауқатын жақсарту мүмкіндігі бола алады;
- жергілікті билік пен аймақ үшін қосымша табыс көзі, инфрақұрылымды дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндіктері;
- мемлекет үшін - бұл қалалардан тыс туризмді дамыту, қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік-экономикалық қайшылықтарды жеңілдету мүмкіндігі.

Аграрлық туристің айырмашылығы - ол ауылдық жерде демалу кезінде жергілікті ресурстар мен жергілікті қоғамдастық ресурстарын пайдаланады [5].

Яғни, аграрлық туризм немесе ауылдық туризм - келушілердің ауылдық жерлерде демалыс немесе ауыл шаруашылығы субъектілерінің қызметімен танысу, үйрену, табиғи, мәдени - тарихи танымдық уақыт өткізу және тағы да

басқа ауылдың басқа ресурстарын пайдалануға бағытталған уақытша уақыт өткізуді көздейді.

Соңғы кездері туристер демалыстарын ауылдық жерлерде өткізетін тенденция қалыптасты, онда турист бірнеше апта бойы ауылдық үйлерде тұрып, ауылдық өмір салтымен, жергілікті мәдениетпен және жергілікті әдет-ғұрыптармен танысып, дәстүрлі ауыл еңбегіне қатыса алады.

Туризмнің бұл түрін көп нәрсені көрген және әртүрлілікті қалайтын туристер таңдайды. Өз кезегінде, елдің басым қала халқы туризмнің осы түрі үшін мақсатты аудитория болып табылады. Себебі еліміздің басым көпшілігі қалада тұратындығы мәлім.

Аграрлық туризмнің мүмкіндігі ауылдық елді мекендердің дамуына серпін беру, аталған елді мекендердегі тұрғындардың табыс деңгейін арттыру, қосымша жұмыс орындарын құру есебінен ауылдан қалаға көші-қон ағынының жолын кесу, жергілікті экономиканың жаңа және нақты секторын ұйымдастыру арқылы ауылдық елді мекендерде әлеуметтік шиеленісті болдырмау.

Магистерлік жобаның мақсаты мен міндеттері: Туристік әлеуеті жоғары өңірлерді зерделеп, ауыл халқының әл-ауқатын арттыру бойынша ұсыныс әзірлеу. Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерге қол жеткізу көзделеді:

- Ауыл халқы азаматтарының әл-ауқатын зерделеу.
- Туристік әлеуеті жоғары өңірлерді зерделеу.
- Жетісу облысында ауыл халқының әл-ауқатын арттыру мүмкіндіктерін анықтау.
- Аграрлық туризмнің Жетісу облысы ауыл халқының әл-ауқатына әсерін есептеу.

Зерттеу нысаны – Ауыл халқының әл-ауқаты.

Зерттеу пәні – Жетісу облысындағы аграрлық туризмді дамытуға әлеуеті жоғары фермерлік қожалықтардың негізінде ауыл халқының әл-ауқатын арттыру бойынша әсері.

Гипотеза: Аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Аталған бөлімнің мақсаты ол магистрлік жоба тақырыбын зерттеудегі әдіснаманы таңдауды көрсетеді және негіздейді, және әдіснамалар арқылы жасалған зерттеудің нәтижесін көрсету болып табылады.

Әрбір эмпирикалық зерттеу тәсілдері ол - белгілі бір тақырыпты зерттеу ерекшелігіне қарай сапалық және сандық жағынан деректерді қажет етеді.

Магистрлік жобада зерттеудің сапалық сонымен қатар, сандық тәсілдері қарастырылған. Сапалық зерттеудің маңыздылығы ол таңдалған тақырыптың өзектілігі, танымалдылығы, инвестициялық тартымдылығы және адамға пайда әкелуге бағытталғандығы бойынша дәлелдерді жинақтауға бағытталған.

Сапалық зерттеу барысында нормативтік-құқықтық актілер, Үкіметтің қаулылары, Президенттің жолдаулары, статистика органдарының ресми ақпараттары зерттелді. Сонымен қатар, түрлі әдебиеттерге шолу жасалынды, теориялық негіздемелер қаралды. ЕО елдерінің аграрлық туризмді дамыту бойынша моделдері зерделенді, Польша, Беларусь, АҚШ және Италия мемлекеттерінің тәжірибелері және сол мемлекеттердегі аграрлық туризмді дамытуға септігін тигізген нормативті-құқықтық актілер зерделенді.

Сондай-ақ, мемлекетіміздің аграрлық туризмді дамытуға әлеуеті жоғары Алматы, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Қарағанды, Ақмола және т.б. облыстарының әлеуеті және қазіргі жағдайы зерделенді. «Kazakh tourism» ҰК АҚ-мен «Қазақстандық агро және ауыл туризмі» ассоциациясы 2020 жылы, 2021 жылы және 2022 жылы бірлесе жасаған далалық зерттеулері талданды.

Зерттеудің сандық талдау барысында Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері қарастырылды. Сондай-ақ, ауыл халқының әл-ауқаты толыққанды зерттелді.

Сонымен қатар, сандық зерттеу барысында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамадағы іріктеу идеясы екі түрге бөлінеді: ықтималды және мақсатты болы бөлінеді. Әлеуметтік сауалнаманы республика көлемінде 18 жастан асқан 13 млн адамды 95% сенімділік деңгейімен қарастырылып 3% ауытқумен есептелгенде респонденттердің қажетті саны 1067 адамды құрады. Осылайша зерттеу еліміздің көлемінде 2023 жылдың сәуір-мамыр айларында https://docs.google.com/forms/d/1QeCIPToQCITR1gHaU_of3QEaCSBMVbqxivjoltD1aMQ/edit сілтемесі арқылы жүргізілді. Сауалнама анонимді түрде жүргізілгені себебінен респонденттер есебінен түрлі нақтыланған ұсыныстар келіп түскені анықталды.

Сапалық және сандық зерттеулер қорытындысында жинақталып, аграрлық туризмді дамыту бойынша ұсыныс әзірленді.

Жобамен жұмыс барысында тақырыпты кеңінен ашу мақсатында бірқатар жұмыстарға шолу жасалды.

Таңдалған тақырыппен ұқсас бірқатар ғылыми жұмыстар зерделенді.

Оның ішінде А.П. Тяпухин, А.Б. Тасмаганбетов, А.Е. Култанованың «Қазіргі жағдайдағы аграрлық туризмді дамытудың теориялық негіздері» атты мақаласы қарастырылды. Мақала барысында ауылдық аумақтарда әлеуметтік шиеліністерді төмендетуге ықпал ететін балама жұмыс орындарын құру арқылы аграрлық туризмді дамыту бойынша қарастырылған. Ғылыми жұмыста жек тұлғаның аграрлық туризм субъектісі ретінде тұратын тұрақты жері және оның жеке меншігіндегі немесе туған туыстарының меншігіндегі тұрғын үй жайы болып табылады делінген. Ауылдық елді мекендерде аграрлық туризмді ұйымдастыру үшін табиғи, экологиялық және мәдени ресурстармен қатар, туристерді қабылдауға бейімделген туристерге арналған үйдің болуы үлкен маңызға ие деп көрсетілген.

Авторлардың аграрлық туризмді келесідей түрлерге жіктеген:

- Дәстүрлі туризм;
- Сауықтыру туризмі;
- Ауыл шаруашылығы туризмі;
- Білім беру туризмі;
- Аспаздық туризмі;
- Аралас туризмі.

Сонымен қатар, жұмыста аграрлық туризм субъектілерін келесідей бөлген:

- Ауыл тұрғындары;
- Қосалқы шаруашылық иелері;
- Фермерлік шаруашылықтар.

Аталған ғылыми мақаланы қорыта келгенде авторлар аграрлық туризмге туралы келесідей қорытынды жасады:

- Ауылдық жерлерде жүзеге асырылады;
- Үлкен инвестицияны талап етпейді;
- Ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартады [6].

Сонымен қатар, А.И. Панюков, А.И.Панюкованың «Аграрлық туризм: қазіргі жағдайы және даму перспективасы» атты ғылыми мақаласы қарастырылды. Мақалада өткен ғасырдың соңғы тоқсанында болған урбанизация және жаһандану процестері аграрлық туризмді алдымен Европа және Америка мемлекеттеріне, одан кейін басқа да мемлекеттерге өзекті экономикалық және әлеуметтік-мәдени құбылыс жасады делінген. Қазіргі уақытта агротуризм қала тұрғындары арасында танымал демалыс түріне айналуда. Forbes журналы туристік сәнге еру әсіресе жағымды болатын тоғыз елді таңдады. Агротуризм барынша тиімді болатын елдер тізімінде, Италия, Хорватия, Украина, Чехия, Армения, Польша, Кипр, АҚШ мемлекеттері енді. Авторлар агротуризмнің пайда болуы ауыл шаруашылығының еуропалық моделінің дағдарысымен байланыстырады [7].

Мақалада Д. Н. Панованың пікірі қарастырылған. Ол өз кезегінде агротуризмге келесі белгілер тән деп санайды:

- турды таңдаудағы даралық, отбасымен немесе достарымен демалу мүмкіндігі;

- турдың айтарлықтай ұзақтығы;
- бағдарлама элементтерін түзету мүмкіндігі;
- мұндай демалысты таңдауға ішкі мотивация;
- баратын аумақтың өмір салты мен мәдениетімен таныстыру;
- тәжірибенің байлығы мен әртүрлілігі;
- өмірлік белсенділікті арттыру;
- төзімділікті арттыру;
- жаңа білім, эмоциялар мен естеліктер алу мүмкіндігі[8].

Авторлардың пікірінше, агротуризмнің одан әрі дамуы ауыл халқының жалпы идея төңірегінде интеграцияға келуі мүмкін: дәстүрлерді дамыту, жалпы инвестициялар, ауылдық имиджге қамқорлық жасау сияқты аспектілерді баса көрсеткен [9].

Келесі болып, Д. Г. Мамраева, З. Н. Борбасова, Л. В.Ташенованың «Ауыл туризмнің дамытудың әлемдік тәжірибесі» мақаласы зерттелді. Аталған мақалада қазіргі экономикалық даму, бірқатар экономикалардың шикізаттық бағыттан қызмет көрсету саласына қайта бағдарлануы жағдайында туризм ерекше маңызға ие болады. Оның ішінде келешегі зор ауылдық туризм болып табылады, ол айтарлықтай тиімді әлеуметтік-экономикалық әсер етеді, ауылдық аумақтар мен туристік дестинацияларды дамытудың өзіндік «катализаторы» ретінде қарастырылады, инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді және өмір сапасын жақсарту және жергілікті халықтың табыстарын арттырады, дәстүр, мәдениет және экологияны ұсынады. Авторлардың пайымдауынша ауыл туризмін дамытудың өзіндік «эстафетасын» бүкіл әлем бойынша көптеген елдер қабылдағанын атап өтті. Сонымен қатар, туризмнің қарқынды дамуы жағдайында ауыл туризмі туралы толық форма ретінде айту жеткіліксіз, оның бүгінгі таңда әр түрлі мамандану бағыттарын түсінген жөн деп есептейді. Бүгінгі таңда Қазақстанда ауыл туризмін дамыту туралы айту өте қиын. Бұл оның рөлін «түсіну» кезеңінде, үкіметтің, бизнестің және әлеуетті клиенттердің ықтимал қайтарымының шамасын түсіну делінген.

Авторлар қорытындылай келе:

- Ауылдық туризм-Ауылдық аумақтарды тиімді дамытудың, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі. Еуропа мен Америкада ең көп таралған. Оның әртүрлі мамандықтары бар.
- Агротуризмді дамыту жергілікті халықтың экологиялық таза азық-түлік, мәдениет және тұрмыс өнімдерін өндірудің бірегей тәсілдерін сақтауға ықпал етеді.
- Рустикалық туризм туристерге рекреациядан бастап әртүрлі спорт түрлерімен, қолөнермен, өсірумен, әртүрлі өнімдерді жинаумен және қолөнермен айналысуға дейін әртүрлі қызметтерді ұсынады және олардың ұлттық тағамдары мен сусындары бар.
- Ауылдық туризмді дамыту барысында әлемде 5 модель қалыптасты: француз, итальян, чех, испан және неміс.

- Агротуризмнің тұтынушылары, әдетте, жергілікті тұрғындар, шетелдік қонақтар және келу еліне келген туристерге ностальгиялық турлар ұсынылады.

- Қазақстанда ауыл туризмі қалыптасу бастапқы сатысында тұр. Оған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шешуші рөл берілді.

Қорытындылай келе аграрлық туризм Қазақстанда енді даму қарқынына түсіп, көп инвестицияны қажет етпейтін ауыл халқының табысын арттыруға мүмкіндік беретін тың бағыт болып табылады. Республика көлеміндегі ауылдық елді мекендерде тұратын адамдарға жанама түрде немесе тікелей жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндіктері қаралады. Жаңа жұмыс орындары құрылу барысында әлеуметтік шиеленіске жол берілмей саяси тұрақты күйге енеді. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдарына түсетін IV деңгейлі бюджетке қосымша салық көзі ретінде қарастырып, жергілікті шешімін таппай жүрген жобалардың шешімін табуға мүмкіндік береді. Әлемдік деңгейде аграрлық туризм өткен ғасырдың соңғы тоқсанында дамып, белгілі жетістіктерге жеткен болса, біздің мемлекетімізде жаңа бағыт, жаңа сала ретінде қалыптасып еліміздің туризм саласының жетекші бағытына айналдыру мемлекет тарапынан көмек көрсету мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Сондай-ақ, агротуризм теориясы қарастырылды.

Агротуризм теориясы 1800 жылдары Еуропа мен Солтүстік Америкада пайда болған және оның тәжірибесіне негізделген. Бұл Францияда *agriculture et tourisme* 1-ші агротуристер қауымдастығының ашылуымен ерекшеленді. Бұл елдердің азаматтары отбасыларымен бірге фермаларға барып, ауыл шаруашылығымен айналысатын туыстарымен кездесіп ауыл шаруашылығымен танысақан.

Басқа елдерге бару 1920 жылдары көлік құралдарының дамуымен танымал болды. Ауыл шаруашылығы 1930-1940 жылдары Ұлы депрессия мен екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптарынан құтылғысы келетін адамдардың қызығушылығын арттырды. Бұл ауылдық демалыс талаптары 1960-1970 жылдары агротуризмнің әртүрлі түрлеріне қызығушылықтың артуына әкелді. Ферма демалысы, төсек-орын және таңғы ас және коммерциялық ферма турлары 1980 жылдардан бері танымал бола бастады [10].

Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO) туризмді «адамның күнделікті ортасынан тыс жерлерде демалу, бизнес және басқа мақсаттар үшін бір жылдан аспайтын сапарлары мен тұруы» деп анықтайды.

2009 жылы *Nipp* журналы аграрлық туризмге келесідей анықтама ұсынды.

Аграрлық туризм – бұл «фермаларды тексеру және фермерлік іс-шараларға жиі қатысу мақсатында ауылшаруашылық аудандарын аралау тәжірибесі».

Ал *Maetzold* журналы 2002 жылы аграрлық туризмді «адамдар саяхатты өнімдермен, қызметтермен, ауыл шаруашылығы тәжірибесімен және

саяхаттармен байланыстырған кезде пайда болатын әрекеттер жиынтығы" болып табылатын балама кәсіпорын ретінде анықтады».

Hilchery журналы 1993 жылы келесідей анықтама берді:

«Агротуристік кәсіпорын-бұл ферма операторы жүзеге асыратын бизнес халықтың көңіл көтеруі мен ағартуы, сондай-ақ ферма өнімдерін ілгерілету және сол арқылы қосымша ферма кірісінін арттыру».

Мэйс Д. 2005 жылы Калифорния университетінің шағын шаруа қожалықтарының бағдарламаларына сілтеме жасап, аграрлық туризмді «жұмыс істейтін фермадағы, ранчодағы немесе ауылшаруашылық кәсіпорнындағы коммерциялық кәсіпорын, келушілердің көңілінен шығу үшін иесіне қосымша табыс әкеледі» делінген болатын.

Америка құрамасының Флорида штатының Мемлекеттік заңдарында «Агротуристік қызмет» адалдыққа сәйкес келетін ауыл шаруашылығымен байланысты кез келген қызметті білдіреді. Фермада, мал шаруашылығында немесе өкілдерге мүмкіндік беретін жұмыс істейтін орманда жалпы жұртшылыққа рекреациялық, ойын-сауық немесе білім беру мақсатында қарау немесе ләззат алу мақсатында шаруашылық, мал шаруашылығы, тарихи, мәдени, азаматтық, салтанатты, білім беру және т. б. қоса алғанда, қызметтен көрме іс-шаралары, сондай-ақ егін жинауға арналған жеке іс-шаралар мен аттракциондар [11].

Аграрлық туризм деп, ең алдымен, халық қолөнерін үйрену, ауылдық қызметтің әртүрлі түрлеріне қатысу, сондай-ақ жергілікті өндіріс өнімдері мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында қонақтарды ауылдық аумақтарға тарту бойынша туристік фирмалар мен ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік белсенділігін түсіну керек [12].

Л.Э. Глаголева, И.В. Кук-сова, С. Н. Жук, Д. М. Певневалардың пайымдауынша «Агро-немесе ауылдық туризм-бұл ауылдық жерлерде дамитын, жергілікті туристік ресурстарды зерттейтін, туристердің әртүрлі дәстүрлі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ететін туризмнің бір түрі, қонақтарды арнайы туристік құрылымдарға орналастыруды және тамақтандыруды ұйымдастырады: туристік пансионаттар, агротуристік пансионаттар, шаруа қожалықтары және т.б.» [13]

М.П. Григорьева «Ауылдық туризм-бұл жергілікті табиғатқа, халықтың өмір салтына баулу және жергілікті этномәдени кешендермен және олардың құндылықтарымен таныстыру мақсатында ауылдық аумақта саяхатшылардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған демалысының элементтерін қамтитын туризмнің мамандандырылған түрі» деп қарастырады [14].

Д. Р. Галимованың ойынша «Ауылдық туризм - бұл туризмнің бір түрі, оның географиялық факторы ауыл болып табылады, туристердің рустикалық үйлерде, коттеждерде, шаруа және фермаларда, табиғат аясында арнайы туристік қонақ үйлерде демалуы және тұруы, барған жердің тарихы мен әдет-ғұрпын зерттеу, әртүрлі дәстүрлі іс-шараларға қатысу, жергілікті көрікті жерлерді аралау, салауатты тағамға негізделген дұрыс тамақтану ауыл өмірінің

барлық артықшылықтарымен демалу, орманда Кемпингтер немесе тауға серуендеу дегенді білдірмейді». [15]

А. В. Трухачевтің пікірі «Ауылдық туризм-бұл туризмнің бір түрі, оның мақсаты - дәстүрлі туристік идеядан асып түсетін түбегейлі жаңа агротуристік өнімді қалыптастыру және ол белгілі бір аймақтың табиғи, тарихи-мәдени ерекшеліктерін ескереді, сонымен қатар дәстүрлі ұсынысты айтарлықтай әртараптандыруға мүмкіндік береді» [16]

Қазіргі жағдайда экономиканың артықшылықтары көбінесе еңбек қарқындылығымен, жинақталған және іске асырылған адами капиталмен анықталады. Егер ХХ ғасырдың басында экономикалық прогресс негізінен физикалық күшпен қозғалса, қазір – интеллектпен бағаланады. Бұл білім мен біліктіліктің жоғары деңгейі бар адамдар қоғамның технологиялық, экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының шекаралары мен мүмкіндіктері.


Соңғы онжылдықта мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да жобалар шеңберінде ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын одан әрі арттыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл, ең алдымен, республикамызды дамытудың стратегиялық мақсаты өмір сапасын арттыру деп жариялануына байланысты. Өмір сапасының кепілдендірілген көрсеткіштерін нақты көрсеткіштермен салыстыру арқылы әлеуметтік саясатты бағалау мәселесі өзекті. Бүгінгі таңда әлеуметтік саясаттың басымдықтары-сапа халыққа әлеуметтік қызмет көрсету, еліміздің барлық аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту, жайлы және қауіпсіз тұру үшін кең мүмкіндіктер жасау. Ауыл шаруашылығындағы экономика өсімінің оң серпінімен әлеуметтік-еңбек қатынастары үнемі жетілдіріліп отырады, ауыл тұрғындарының өмір сүру стандарттарын қала тұрғындарымен жақындастыру процестерін жеделдетуге ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайлары өмір сапасының проблемаларын жан-жақты және егжей-тегжейлі зерттеуге, объективті бағалауға мүмкіндік беретін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құруға күшейтілген ауыл тұрғындарының тіршілігін қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне назар аударуды талап етеді.

Мемлекеттік статистика базасында халықтың кірістері мен шығыстары, жұмыспен қамту, тұрғын үй жағдайлары, тұтытудағы теңсіздік, сырқаттанушылық, азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз ету және т.б. туралы мәліметтер тұрақты негізде жинақталады.

2010 жылдан бастап Ұлттық статистика бюросының жүйесінде халықты зерттеу бағдарламасы тұрақты түрде кеңейтіле бастады, республиканың барлық өңірлерінде әлеуметтік-демографиялық проблемалар бойынша жалпы саны 100 мыңға жуық үй шаруашылығын қамтитын іріктемелі статистикалық талдаулар жүргізілуде. Демографиялық жағдайдың көрсеткіштері өмір сапасын сипаттау нәтижесінде пайда болады. Демографиялық процестердегі кез-келген жаңа тенденциялар адам мен қоғамның жағдайы мен өміріне тікелей әсер етеді. Соңғы онжылдықта ел халқының сандық құрамы тұрақты өсуде, мәселен ауылдық тұрғындар саны 5,7% - ға немесе 7,3-тен 7,5 млн адамға дейін өсті.


Бұл ретте қала мен ауыл халқының арақатынасы өзгереді, ауыл халқының үлес салмағы 2015 жылғы 43,2% - дан 2023 жылы 40,6% - ға дейін қысқарды (1-диаграмма). Ауылдық елдімекендерде ауыл халқының өсуі бұл көбінесе қазіргі замандағы көбею түрінің әлеуметтік-экономикалық факторларына байланысты. Ауылдық жерлерде туу деңгейінің жоғарылау тенденциясына байланысты болғанымен, республиканың барлық өңірлерінде халықтың ауылдық аумақтардан өндірістің жоғары әртараптандырылуы және әлеуметтік инфрақұрылымы анағұрлым дамыған қалаларға көшу үрдісі байқалады.



1 диаграмма - ҚР Ауыл және қала тұрғындарының саны мен құрылымы
Ескертпе - Статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған

Өмір сапасының барлық құрамдас бөліктерінің ішіндегі ең маңыздысы ауыл халқының табысы болып табылады. Ауыл тұрғындарының ақшалай табыстары ұзақ уақыт бойы оң динамикаға ие болғаны анықталды, алайда өсудің негізгі себебі инфляциялық фактор болып табылды. Бұл есептелген зейнетақының орташа мөлшері 2023 жылы 119,4 мың теңгені құраса және орташа жалақы 351,6 мың теңге шамасымен арақатынасын растайды. Ең төменгі күнкөріс деңгейі 40 567 теңге күйінде қала береді. Ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Ауыл шаруашылығындағы орташа жалақы республикалық деңгейден 61,6 % - ға төмен, яғни небәрі 135 000 теңгені құрайды. Нәтижесінде ауылшаруашылық өндірісіндегі жалақы ынталандырушы рөлді және тұтынушылардың сұранысына әсер ету қабілетін жоғалтты.

Халықтың табысы және олардың біркелкі бөлінбеуі туралы статистикалық материалдар қоғамның жіктелуінің өсуін көрсетеді. Халықаралық стандарттар бойынша жиынтық табысының 50% - дан астамын тамақтануға жұмсайтын үй шаруашылығы кедейлер санатына жатады. Тұтыну шығыстарының құрылымында үлесі ауыл тұрғындарының ақшалай шығындарының жартысынан астамын құрайтын азық-түлік тауарларын сатып алуға үй шаруашылықтарының шығындары 2018-2023 жылдары 13% өсті, азық-түлік емес тауарларды сатып алу және ақылы қызметтер (білім беру, денсаулық сақтау, Көлік және байланыс) шығындары тиісінше 30% - дан 27% - ға және 24% - дан 14% - ға дейін төмендеді (2-диаграмма).



2 диаграмма - Ауыл тұрғындарының тұтыну шығындарының құрылымы, %


Ескертпе - Статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған

Үй шаруашылықтарын іріктеп тексеру нәтижелері бойынша респонденттердің 70% – ға жуығы өздерін материалдық байлықтың орташа қамтамасыз етілу деңгейіне, ал 0,3% - ы ғана жоғары деңгейге жатқызған. Бұл жағдайда респонденттердің 36% - дан сәл астамы болашақта жағдайдың жақсаруын болжайды [17].

Кедейлік мәселесі жұмыспен қамту мен жұмыссыздыққа тікелей байланысты. Аграрлық сектордың еңбек әлеуеті айтарлықтай бөлігінде еңбек нарығында сұранысқа ие емес. Сонымен бірге тіркелмеген ауылдық жерде тұратын жұмыссыздардың санының өсуі байқалады. Жалақысы төмен, өнімділігі төмен, физикалық және психикалық тұрғыдан ескірген жұмыс орындары басым, біліктіліктің жоғары деңгейін талап етпейді.. Олардың сапасы ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен динамикасына тікелей

байланысты екенін аңғартады. Осылайша, қалыптасқан жағдайда ауылдың орнықты даму тетігін іске асыру, біріншіден, ауылдық аумақтардың үлес салмағын, екіншіден, кірістердің әлеуметтік-экономикалық біркелкілігін және «келешегі жоқ» ауылдардың қысқаруын ескере отырып маңыздылығы анықталады [18].

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сүйене отырып, яғни республика тұрғындарының 40,6% адамы ауылдық елді мекендерде тұруы және олардың күн көріс деңгейінің төмен жағдайда екені анықталды. Қосымша дәлел ретінде 3-диаграмма ұсынылады. Аталған кестеде республика көлемінде нақты статистикаға сүйене отырып диаграмма толтырылды.




3 диаграмма - Республика және ауыл деңгейіндегі жалақысы 100 000 теңгені құрайтын басқа санаттағы жұмысшылардың саны
Ескертпе -Статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген диаграммаға сәйкес, 2019 жылы жұмыспен қамтылған ауыл халқының 33,6% 100 мың теңгеден төмен алатын болса, 2022 жылы 20,6%-ға дейін төмендегені анықталды. Алайда әлемде болған соңғы жылдардағы геосаяси жағдайлар инфляцияның көтерілуіне әкеліп соқты. Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйене келе 2020 жылдың аяғы 2019 жылдың соңымен салыстырғанда инфляция деңгейі 7,5% дәлізінде болды, сәйкесінше 2021 жылы инфляциялық корридор деңгейі 8,3%, ал 2022 жылы инфляция деңгейі 20,3% құрады. Демек, 2019 жылғы 100 000 теңге жалақы 2022 жылдың соңында 140 056 теңгені құрады және осыған осы жалақыны 947 983 адам алатындығы анықталды. Сондай-ақ, жұмыспен қамтылған ауыл халқының үлесін 176 700 адамға яғни, 4,85%-ға азайғандығы байқалды. Өз кезегінде 947 983 адам саны жұмыспен қамтылған ауыл азаматтарының 27,3 %

құрайтындығы анықталды. Аталған статистикалық ақпаратты өңірлер бөлінісінде зерттелді.

Төменде көрсетілген 4-диаграммаға сәйкес, 100 000-ға дейін алатын жалақы алатын жұмысшылардың басым бөлігі Түркістан, Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында тұратындығы анықталды. Магистрлік жоба шеңберінде азаматтарды аграрлық туризмге тарту мәселесі қаралып, Жетісу облысын мысалында ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүмкіндіктері қарастырылады. Магистрлік жоба шеңберінде әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнаманы 1150 респондент өтіп, сол сауалнаманың ішіндегі Аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын көтеру мүмкіндігі сұралған болатын. Зерттеу нәтижесі келесідей, 1150 респонденттің 344 респонденті, яғни 29,9%-ы аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын арттыру мүмкіндігін «қанағаттанарлық» деп, 270 респонденті, яғни 23,5%-ы аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын көтеру мүмкіндігін «жақсы» деп, және 264 респондент дәл солай дамыту мүмкіндікті «өте жақсы» деп бағалаған респонденттердің үлесі 23%-ды құрады.

мың адам




4 диаграмма - 2022 жылғы ауыл тұрғындарының жалақылары төмен жұмысшылар өңір бөлінісінде.

Ескертпе - Статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған

Сіз аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын арттыру мүмкіндігін қаншалықты бағалайсыз/ Насколько вы оцените возможность повышения благосостояния сельского населения за счет развития аграрного туризма?

Копировать

1 150 ответов



1 сурет - Сауалнама сұрағы

Ескертпе - Сауалнама сұрағына сүйене отырып автормен құрастырылған

Аграрлық туризмді дамытуда әлемдік тәжірибе зерттелді. Зерттеу бойынша қазіргі уақытта ЕО-да аграрлық туризмнің бірнеше негізгі моделдері бар екендігі анықталды:

Агротуризмнің *британдық моделі* – ферма иелері мен туристердің бірге тұруына негізделген. Бұл модель бойынша ұсынылатын негізгі қызметтерге экотуризмге тән атпен жүру және серуендеу жатады. Бүгінде міндетті қызмет түрлеріне балық аулау қосылды. Белгілі бір дәуірдегі тарихи туристік қызмет көрсететін шаруашылықтардың пайда болуын жаңалық деп атаған жөн.

Агротуризмнің *неміс моделі* – мұнда егістіктегі өзара жұмыс сонымен қатар, туристер мен меншік иелерінің күнделікті өмірге және шаруашылық жұмыстарына бірлесіп қатысуы. Яғни, іс жүзінде Германияда ауыл туризмінің екі түрі танымал: тікелей ферма туризмі – ол бірге тұру және далада жұмыс істеу – және этнотуризм. Неміс этнотуризмі халықтық мерекелер және мерекелердің барлық түрлеріне қатысуды қамтиды, мысалы: әйгілі сыра фестивальдері және ауыл күнін тойлауға арналған әдеттегі іс-шаралар.

Агротуризмнің *француз моделі* – аспаздық және шарап жасау ауылдық туризмнің негізгі элементі болып табылады. Бұл жағдайда туристерге ірімшіктерді, коньяктарды және шарап сусындарын қоса алғанда, жергілікті тағамдардың толық мәзірі бар жеке үй ұсынылады, сонымен қатар, әр фермердің өз шарабы мен бренді бар екені міндетті түрде ескеріледі.

Агротуризмнің *итальяндық моделі* - француз үлгісіне ұқсас, бірақ өзіндік дәмімен ерекшеленеді. Ол аспаздық бағытпен қатар ойын-сауық бағдарламаларын, спорттан дене шынықтыруды, тарихи орындарға баруды қамтиды. Италияндық туристер жүзімдіктерде жұмыс істейді, жүзім жинау және өңдеу зәйтүн жинайды деп күтіледі. Өмір сүру жағдайлары әртүрлі: бұл сәнді вилла немесе қарапайым ауыл үйі болуы мүмкін.

Чехия моделі - әйгілі шарап өндіретін аймақтарда және қорғалатын аумақтармен шектесетін аймақтарда мерекелермен қызықтырады. Чехия үшін бұл ауылдағы демалыстың салыстырмалы түрде жаңа түрі, сондықтан кәсіпкерлер оны агробизнесті әртараптандыру мүмкіндігі ретінде қарастырады. Туризмнің ең кең тараған түрі жылқы фермаларына баруды және ауылдың шынайы өмір салтына енуді біріктіреді.

Испан моделі - ең дамыған моделдердің бірі болып табылады. Фермада демалу, ауылда демалу, асханамен, тұрмыс-тіршілікпен, және мал бағу жиі кездеседі.

Латвия моделі - бұл 5000-ға дейін жергілікті тұрғыны бар ауылдық жерде немесе елді мекенде болуды және оған фермердің өмірімен, өмір салты мен дәстүрімен байланысты қызмет көрсетуді қамтитын демалыс түрінің бірі. Латвияда ауылдық туризмді түсіну ерекшеліктері:

- туристер келген аймақта тұратын адамдарды тікелей жұмыспен қамтып, тұрғындар табыс табуы керек. Бұл ауыл туризмінің латвиялық үлгісін туризмнің бір түрі ретінде емес, аумақты дамыту құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
- 20 төсекке дейін орналастыру, бұл ретте туристерге арналған орындардың саны тұрақты тұратын орындардың 50% дейін.

Статистикаға сүйенсек, еуропалықтардың 50%-дан астамы ауылда демалуды жөн көреді. Мысалы, Австрияда агротуристер Еуропалық Одақтың ауыл туристерінің жалпы санының 16%, Италияда - 13%, Францияда - 15% және Испанияда - 8% құрады.

1 кесте - Моделдердің ерекшеліктері

№	Модель аты	Ерекшеліктері
1	Британ моделі	Атпен жүру және серуендеу, балық аулау жатады
2	Неміс моделі	Тікелей ферма туризмі – бірге тұру және далада жұмыс істеу – және халықтық мерекелер мен мерекелердің барлық түрлеріне қатысуды қамтиды, бұл әйгілі сыра фестивальдері және ауыл күнін тойлауға арналған әдеттегі іс-шаралар
3	Француз моделі	Ірімшіктерді, коньяктарды және шарап сусындарын қоса алғанда, жергілікті тағамдардың толық мәзірі бар жеке үй ұсынылады
4	Италия моделі	Аспаздық бағытпен қатар ойын-сауық бағдарламаларын, спорттан дене шынықтыруды, тарихи орындарға баруды қамтиды. Жүзімдіктерде жүзім жинау және өңдеу, зәйтүн жинау арқылы жұмыс істейді
5	Чехия моделі	Әйгілі шарап өндіретін аймақтарда және қорғалатын аумақтармен шектесетін аймақтарда мерекелермен қызықтырады және жылқы фермаларына баруды және ауылдың шынайы өмір салтына батыруды біріктіреді.
6	Испан моделі	Ауылда демалу, фермада демалу, тұрмыс-тіршілікпен, асханамен танысу, мал бағуды көрсетеді
7	Латвия моделі	Ауылдық жерде немесе елді мекенде болуды және оған фермердің өмірімен, өмір салты мен дәстүрімен байланысты жеке қызмет көрсетеді
Ескертпе - Статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған		

Польша. Ауыл туризмінің ең терең тарихының бірі бар ел. Польшадағы ауылдық демалыстың бастауы 19 ғасырдан басталады, қала тұрғындары демалу және сауықтыру үшін ауылдық жерлерге барған. Алайда, қазіргі мағынада агротуризмнің дамуы 1990 жылдардың басында, фермерлер заңға сәйкес туристерге баспана беру мүмкіндігіне ие болған кезде ғана басталды.

1991 жылдан бастап кіріс алатын Польша Республикасының барлық азаматтары жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы туралы заңға бағынады. оған сәйкес әрбір жеке тұлға табыс салығын төлеуге міндетті, алайда Агротуристік шаруашылықтардың иелері Заңның 21-бабының 43-тармағына сәйкес осы міндеттемеден босатылған ауылдық қызметтерді жеткізушілердің топтарына жатады.

Содан бері елде туристік қызметтің қарқынды дамуы байқалды. Қазір Польшада 2 миллионға жуық шаруа қожалықтары жұмыс істейді, олардың мыңы жыл сайын қонақтарды қабылдайды.

Поляк агротуризмнің басты артықшылығы-қонақтар көркем пейзаждарды тамашалай алады, ашық ауада ләззат алады және жергілікті мәдениетке, әдет-ғұрыптарға араласу үшін ауыл тұрғындарымен сөйлесе алады. Бұл агротуристік бағыттардың, ең алдымен, табиғи және ландшафттық көрікті жерлерге бай туристік аймақтарда (елдің солтүстігі мен оңтүстігінде) орналасқандығын және Орталық Польшадағы ойпаттардың ауылшаруашылық белдеуінде әлдеқайда аз екенін түсіндіреді.

Польшадағы агротуризмнің тағы бір ерекшелігі-кез-келген үйде немесе фермада сізге тек өз өндірісінің экологиялық таза өнімдері ұсынылады.

Мұндағы агротуризмнің ең танымал түрлерінің бірі-ауылда демалу және тұру ақысы ретінде фермада жұмыс істеу юолып табылады. Интернетте әртүрлі халықаралық жарнама сайттарында (мысалы, <https://www.workaway.info/>) үй шаруашылығының көмегімен демалушыларды жалдау туралы хабарландыруларды табуға болады [19].

Беларусь. Беларусь-пұтқа табынушылық рәсімдері христиандық рәсімдермен өрілген бай дәстүрлері бар ел. Бұл ұлттық ерекшелікті үй иелері белсенді түрде пайдаланады, қонақтарға Рождествоға немесе купальник билеріне арналған «Калядаванна» сияқты салтанатты мерекелер ұйымдастырады. National Geographic Traveller және National Geographic журналдарының ресейлік нұсқасының басылымдарындағы сауалнамаларда Беларусьта 2016 және 2018 жылдары агротуризм үшін ең жақсы ел болып танылды.

Беларусь елінде агроэкотуризмнің қазіргі даму кезеңі 2002 жылы «Агро - және экотуризм» қоғамдық бірлестігі құрылған кезде басталды. Дәл осы ұйымның пайда болуымен қатар агроэкотуризм саласын құру бойынша үйлестірілген жұмыс басталды. Қолданыстағы заңнаманы талдау бойынша жұмыс жүргізілді және оның шеңберінде сол кезде агроэкотуризм саласында заңды түрде қызметтер көрсетуге болады.

2 кесте – Беларуссияда агротуризмнің дамуына ықпал ететін факторлар

1	<p>Беларуссия Республикасында ауылдық туризмді дамыту процесінде қоғамдық ұйымдар маңызды рөл атқаруда. Жаһандық тәжірибе көрсеткендей, қауымдастықтарды немесе қоғамдық бірлестіктерді ерте кезеңде құру ауыл туризмінің дамуын жеделдететіні анықталды. Бұл Беларуссияда да болды. Алғашқы бірлестік «Агро-және экотуризм» қоғамдық бірлестігі болды, ал 2003 жылғы 16 қазанда «Ауылдағы демалыс» Беларусь қоғамдық бірлестігі Республикалық коммерциялық емес ұйымы құрылды және олар 2010 жылы біріктірілді.</p> <p>Облыстарда және жергілікті жерлерде агроэкотуризм саласында қоғамдық бірлестіктер құру бойынша дербес бастамалар басталды. Мысал ретінде Гродно облысында агротуристік бизнестің дамуын қолдауға белсенді қатысып жүрген «Гродное маноры» ҚБ келтіруге болады.</p>
2	<p>Агро-экотуризммен айналысу үшін қолайлы құқықтық жағдайлар жасалды: 2006 жылғы 2 маусымда Беларусь Республикасы Президентінің «Беларусь Республикасында агроэкотуризмді дамыту жөніндегі шаралар туралы» № 372 Жарлығы, Беларусь Республикасында туризмді дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жарияланған, Беларусь Республикасында туризмді дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған ұлттық бағдарламасы арнайы гигиеналық ұсыныстар әзірледі агроэкотуризм субъектілері үшін. Ауылдық үй-жайлардың қызметін нормативтік-құқықтық реттеудің маңызды факторы «Ауылдағы демалыс» БҚБ ауыл туризмі субъектілері үшін көрсетілетін қызметтер сапасының стандарттарын, ауылдық үй-жайларды жіктеуді әзірлегені болып табылады. Аталған нормативтік құқықтық актілер ауылдық туризм субъектілері үшін қолайлы жағдайлар жасайды, олардың туристермен қарым-қатынасын реттейді.</p>
3	<p>Республика бойынша үлкен ақпараттық жұмыстар жүргізілді, мысал ретінде «Ауылдағы демалыс» БҚБ қызметі аясында ауыл туризмі идеяларын жұртшылықтың арасында танымал ету бойынша үлкен жұмыстар атқарды.</p>
4	<p>Агроэкотуризм субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы пайда болды. Агроэкотуризм субъектілеріне көмек көрсету үшін «Белагропромбанк» ААҚ Басқармасы 2007 жылғы 25 шілдеде «Белагропромбанк» ААҚ-ның Беларусь Республикасында агроэкотуризмді дамытуға қатысу бағдарламасын және оны іске асыру тәртібін бекітті.</p>
5	<p>Ең маңызды ынталандырушы фактор-ауылдық туризммен айналысқысы келетін адамдардың бастамасы. Жергілікті жерлерде белсенді көшбасшылардың болуы осы аумақта ауылдық туризмді дамытуға, жаңа идеялар мен технологияларды енгізуге, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға және біртекті емес ресурстарды бірыңғай туристік өнімге біріктіруге мүмкіндік береді. Беларуссия мемлекетінде ауылдық туризмді дамыту бастамасы тек ауылдық елді мекендердің тұрғындарына ғана емес, басқа да осы идеяға еніп, ауылдық жерлерге көшіп, жұмысын бастаған қала тұрғындарына да бағытталған. Адамдардың ауылдық туризммен айналысуға деген ұмтылысы Беларуссияда көптеген агроэкотуристік нысандарды құруға және елдегі ауыл туризмі өте сәтті және өте жылдам қарқынмен дамып келе жатқандығы туралы айтуға мүмкіндік берді.</p>
<p>Ескертпе - халықаралық тәжірибе негізінде құрастырылған</p>	

Беларусь Республикасында агротуризмді дамытудың алғашқы қадамы мемлекеттің осы бағыттағы саясаты болды: «Беларусь Республикасында агроэкотуризмді дамыту жөніндегі шаралар туралы» Беларусь Республикасы Президентінің 02.06.2006 № 372 Жарлығы (бұдан әрі - № 372 жарлық), ол агроөнеркәсіптік кешеннің құрылтайшыларын салықтан босатты, Совминнің қаулысы, «Белагропромбанктің» жеңілдікті несиелері.

Ресми ақпаратқа сәйкес, Президенттің № 372 Жарлығы қабылданғаннан бері ауылдық жерлердің саны үнемі өсіп келеді. 2006 жылы тек 34 агроэкотуризм субъектісі болды, 2009 жылы – 474 агроөнеркәсіптік кешен, 2011 жылы-1576. Барлығы 2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша агроэкотуризм саласында 2 760 субъект қызмет көрсетті. Жыл сайын үй иелері қабылдаған туристер саны артып келеді. 2015 жылы ауылдық жерлерге 294,3 мың турист, 2019 жылы 514,8 мың турист келді.

3 кесте - Беларуссияда агроэкотуризмді дамытудың үш моделі жүзеге асырылуда

1	Шағын отбасылық қонақ үй шаруашылығы базасында ауыл туризмін дамыту	<p>Бұл модель негізінен Еуропа елдерінде жүзеге асырылады. Оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – ауылдық жерлерде бар тұрғын үй қорының базасында жеке қонақ үйлер желісін дамытуды мемлекеттік қолдау. Бұл модель іске асырудың қажетті шарттары ретінде мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> * ауылдық жерлерде бос немесе шартты түрде бос тұрғын үй қорының болуы; * жайлылықтың жеткілікті жоғары деңгейі және тұрғын үй қорының жақсы жағдайда болуы; * агротуристік шаруашылықтарды жүйелі мемлекеттік қолдауы; * агротуризм субъектілері бірлестіктер (қауымдастықтар, қоғамдық бірлестіктер) ұйымдастыру; • * агротуристік шаруашылықтарды жеңілдетілген кредиттеу немесе субсидиялау жүйесін пайдалана отырып, агротуристік шаруашылықтарды қаржылық қолдау.
2	Ауылдық жерлерде ірі және орта жеке агротуристік объектілер салу	<p>Бұл стильдендірілген агротуристік ауылдар, мәдени-этнографиялық орталықтар және т.б. түріндегі мамандандырылған жеке қонақ үйлер, Модель ауылдық жерлерде тұрғын үй қорының жайлылығы төмен, бірақ туристік және рекреациялық әлеуеті жақсы елдерге тән. Бұл моделдерді сәтті пайдалану үшін, ең алдымен, айтарлықтай ішкі және сыртқы инвестицияларды және сондай-ақ аймақтық деңгейде тиісті жобаларды қолдау қажет.</p>
3	Мемлекеттік (сирек жағдайда жеке) ауыл шаруашылығы тақырыптық парктерін құру	<p>Аталған модель белгілі бір елдің халықтың ұлт пен этностің ауыл шаруашылығы жетістіктерін насихаттауға, практикалық дағдыларды сақтауға және дәстүрлі ауылшаруашылық өндірісінің әдістерін көрсетуге бағытталған. Көпфункционалды ауыл шаруашылығы орталықтары бола отырып, мемлекеттік ауыл шаруашылығы объектілері ойын-сауық туристік объектілері және тұрақты жұмыс істейтін көрме-экспозиция орталықтары болып қала отырып, ғылыми-зерттеу және селекциялық жұмыстарды қатар жүргізе алады [20].</p>
Ескертпе - халықаралық тәжірибе негізінде құрастырылған		

Италия. Италия - ауыл туризмі бойынша танымал еуропалық көшбасшы, онда ауыл туристерінің саны 2 млн. адамға жетті. Италияндық агротуризм-бүкіл Еуропада жақсы ойластырылған және танымал өнім. Бұл жерде «агротуризм» сөзі жақсы түсініледі және оны айтқан кезде адамдар қандай демалыс туралы нақты түсінікке ие болады. 70-ші жылдары туристерді орналастыру италияндық шаруалар үшін маңызды емес қызмет болады және олардың қаржылық-экономикалық жағдайын біршама күшейтеді деп болжанған. Алайда, бүгінгі сұраныс көптеген ауыл тұрғындары үшін негізгі қызметке айналған ауылдық туризм тұжырымдамасын өзгертті.

Италия-Еуропалық Одақтағы ауылшаруашылық қызметі болып саналатын агротуризмді реттейтін арнайы заңдары бар жалғыз ел.

Италиядағы Агротуризм бүгінде туристерді жыл бойына қабылдауға дайын 10 мыңнан астам фермалар, виллалар мен сарайлар. Италиядағы көптеген фермалардың өз мамандықтары бар. Туристердің ауылдық демалыс пен италияндық гастрономияның құпияларымен танысу, ауылдық және ашық ауада, соның ішінде ат фермаларын, сондай-ақ демалыс пен жұмысты біріктіру мүмкіндігін таңдауға мүмкіндігі бар.

Италиядағы агротуризмді Үкімет толығымен қолдайды, өйткені бұл туризм негізгі салалардың бірі болып табылатын ел. Мемлекеттік қаржыландыру фермерлерге жаңа агротуристік бизнесті дамыту немесе қолданыстағы бизнесті одан әрі дамыту үшін қол жетімді. Бұл қаражат мемлекеттік субсидияларды білдіреді – «a fondo perduto» (жоғалған қаражат), яғни операторлар үкіметке ешқандай ақша қайтаруға міндетті емес. Бұл қаржыландыруды алатын агротуризм операторларына қойылатын негізгі талап-олар қаражат алғаннан кейін кем дегенде он жыл жұмыс істеуге міндеттенеді

Даму үшін агротуризм индустриясы, әдетте, одан әрі табысты даму үшін көмек пен тұрақты қолдауды қажет етеді. Алайда, агротуризм субъектілері көмек күтіп қана қоймай, оны бір-біріне көмек көрсете алады. Мысалы, бұл Италияда жақсы жүзеге асады. Бұл дамудың кластерлік моделін енгізу туралы.

Кластер-бір-бірін толықтыратын географиялық көршілес компаниялар мен олармен байланысты ұйымдар (мемлекеттік органдар, инфрақұрылымдық шаруашылық жүргізуші субъектілер) тобы.

Кластердің жұмысына ену үшін кез-келген мүдделі адам немесе кәсіпорын өз мүмкіндіктеріне қарай қатысады. Үй иелері ғана емес, сонымен қатар табиғатты қорғау, медициналық мекемелер, мәдени мұраны сақтау саласында жұмыс істейтін ұйымдар, спорттық, туристік жабдықтарды, бұқаралық ақпарат құралдары, азық-түлік өнімдерін өндірушілер мен сатушылар және басқалар да өз үлесін қосып, пайданы арттыра алады. Сондықтан әртүрлі үй-жайлардың, жергілікті билік органдарының, білім беру мекемелерінің күш-жігерін біріктіру жас салаға көмектесе алады, әсіресе кластерлік сектордың жұмысы елдің ішкі нарығының әлеуеті мен ресурстарын пайдалануға негізделгендіктен. Бұл қазіргі экономикалық тұрақсыздық жағдайында өте маңызды.

АҚШ. Агротуризм АҚШ-тың ауылшаруашылық өндірушілері үшін барған сайын танымал және өсіп келе жатқан мүмкіндікке айналуда. Экономикадағы өзгерістер ауыл шаруашылығынан түсетін табыстың ауытқуымен және жер мен ресурстарды үнемдеуге деген ұмтылыспен бірге баламалы экономикалық мүмкіндіктерді зерттеу үшін бүкіл елдегі фермерлерге қысымның жоғарылауына әкелді. Көптеген фермерлер агротуризмді фермалардағы қосымша құн өнімдері мен қызметтерінің сатылымын арттыратын және рекреациялық және туристік қызметпен тікелей байланысты кірістер алатын шешім ретінде қарастырады.

Агротуризм-американдық фермерлер бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу және олардың фермасының бірегейлігі мен фермерлік өмір салтынан пайда алу үшін қолданатын стратегия. Осылайша, агротуризм соңғы уақытта бүкіл елде танымал болды. Мысалы, АҚШ-тағы соңғы ауылшаруашылық санағы көрсеткендей, тек Колорадодағы 1056 ферма агротуризм және демалыс қызметтерін ұсынды, ал фермалардың жалпы кірісі шамамен 64 миллион АҚШ долларды құрады.

АҚШ бірнеше факторларды қолдану арқылы ауылдық туризмді дамыта алды. Біріншіден, бүкіл әлемде урбанизацияның жоғары пайызы бар аймақтарда дәстүрлерге, мәдени мұраға, түпнұсқалыққа және ауыл өміріне қызығушылық артып келеді. Екіншіден, адамдар ауылдық жерлерде қысқа мерзімді (демалыс) болуға көбірек бейім. Үшіншіден, ірі қалалардың тұрғындары денсаулық мәселелерін көбірек біледі. Ауылдық жерлер ауылшаруашылық сипатына байланысты ғана емес, сонымен қатар олар таза ауа, ашық ауада немесе жаңа тәжірибе сияқты көптеген қажеттіліктерді қанағаттандыратындықтан тартымды болады.

Дегенмен, Америкадағы бастапқыда әртүрлі агротуристік тәжірибе фермалар мен фермалардың иелерінің қиялымен емес, жекелеген Штаттардың әртүрлілігі мен ерекшеліктерімен қамтамасыз етілді. Ерекшеліктер географиялық және климаттық сипатта да, әкімшілік-құқықтық сипатта да бар. АҚШ штаттарының жартысынан көбі агротуризмді реттейтін заңдар қабылдады. Бұл заңдар агротуризм операторлары үшін жауапкершілікті қорғаудан бастап салықтық жеңілдіктер мен аймақтарға бөлу талаптарына дейін өамтиды.

Шетелдік тәжірибелерді зерттей келе әр мемлекеттің өзіндік саясаты бар, сонымен қатар , тарихи- географиялық ерекшеліктерді ескеретіндігі анықталды.

Қазақстан Республикасы бойынша дамудың бастапқы кезеңінде қажетті Агро және ауылдық туризм объектілері бар және оларды дамыту қажет етіледі, сондай-ақ, агротуризмді дамытуға және жаңа сапалы туристік өнімдерді құруға үлкен әлеует бар.

Өз кезегінде әр өңірдің айрықша белгілері мен бағыттары, климаттық жағдайлар мен маусымдықты ескере отырып, аграрлық туризмді дамыту бойынша өз ерекшелігі бар.

Республика көлемінде туристік әлеуеті жоғары барлық өңірді зерделеу магистрлік жоба шеңберінде қиынға соқты. Дегенменде, магистрлік жоба шеңберінде әлеуеті жоғары өңірлер зерттелді.

Алматы облысы туристерді қабылдау тәжірибесі бар жанұялық қонақ үйлер мен басқа да агротуризм субъектілерінің санына қарай аграрлық туризмді (ауылдық туризмді) дамыту бойынша көшбасшы болып табылады. 2022 жылы Қазақстан туристер ассоциясының мәліметі бойынша қонақ үйлер саны 81-ге жетті. Сондай-ақ, облыста көптеген экологиялық туристік маршруттар әзірленіп, жақын маңдағы маршруттар орналасқан кенттерде туристік сервистің дамуына ықпал етті.

Жанұялық қонақ үйлердің басым бөлігі Саты, Қарақастек, Қарабастау, Талғар кенттерінің аумағында шоғырланған.

Алматы облысының Саты кентінде Алматы қаласынан және басқа өңірлерден көлдерге экологиялық бағыт бойынша туристердің тұрақты ағынының арқасында «Көлсай», «Қайыңды» қонақ үйлерінің сервисі дамып келеді. Қазіргі уақытта ауылдың көп бөлігі өз үйлерінің базасында туристерді қабылдайды. Төсек-орынмен және тамақпен, кейде көлікпен қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Алматы облысында туристерді қабылдау тәжірибесі бар шаруа қожалықтары және жеке қосалқы шаруашылықтар бар. Мұндай шаруашылықтардың ішінде омарта, гүл фермасы, мал шаруашылығы (бие сүтімен емдеу қызметтерін көрсету – саумал, қымыз, түйе сүтімен емдеу) және т.б. кіреді.

Этноауылдардың түрі де кең таралған. Олар туристерді қабылдау бойынша кешенді қызметтер көрсетеді.

Түркістан облысында Ақсу-Жабағылы қорығына жақындығына байланысты Жабағылы кентінде отбасылық қонақ үйлер шоғырланған. Бүгінгі таңда кентте қорыққа тиесілі қонақ үйді қоса алғанда, 4-тен астам қонақ үй, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық саябақта 8 қонақ үй бар.

Түркістан облысында көптеген бақтар (алма, өрік, жүзімдіктер және т.б.), жылқы, түйе және т. б. өсіретін мал шаруашылықтары, болашақта туристерді қабылдай алатын және кешенді қызметтер көрсете алатын омарта шаруашылықтары бар.

Түркістан облысының жергілікті ауыл тұрғындары көп жағдайда қазақ тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының Ана тілі болып табылады және үлкен әлеуетке ие экскурсиялық бағдарламалар негізінде агротуристік қызметтерді ұсынады.

Жамбыл облысында Тараз қаласынан 8 км қашықтықта туристер мен агротуристік кешенді қабылдайтын шаруа қожалықтары - алма бақтары бар, онда шағын хайуанаттар бағы (түйеқұстар және т.б.), балық көлі және ішкі және шетелдік туристерді қабылдауды бірнеше жыл бойы жүзеге асырылды.

Шығыс Қазақстан облысында агротуризмді (ауылдық туризмді) дамытудың басым бөлігі Катонқарағай ауданына тиесілі. Ауданда туристерді қабылдау тәжірибесі бар қонақ үйлер, омарта шаруашылықтары бар. Бір қызығы, кейбір қонақ үйлердің базасында («Алтай арай», « Ясная поляна»)

қонақтарға арналған қызметтердің кең спектрі көрсетіледі: әртүрлі тақырыптағы шеберлік сыныптары, тұру, тамақтану қызметтері, экологиялық экскурсиялық маршруттар, кәдесый өнімдері.

Шығыс Қазақстанда Коперечное ауылы орналасқан. Бұл ауыл Рудный Алтайдың шетінде орналасқан. Оның тарихы 250 жыл бұрын басталған. Ауылда тек екі көше бар-жаңа және Орталық. Бұл ауылда жергілікті тұрғындар, ескі сенушілердің ұрпақтары туристерді қызмет көрсету бағдарламасымен біріктіреді: тұру, тамақтану, музыкалық бағдарлама, шеберлік сыныптары және т. б.

Қалықбаевтар отбасының отбасылық марал шаруашылығы да бар, онда басқа қызметтермен қатар сауықтыру қызметтерін алуға болады.

Ақмола облысының Қорғалжын ауданында агротуристік кешенге жатқызуға болатын 4 қонақ үй және бір қонақ үй кешені бар, олардың негізінде кең ауқымды қызметтер алуға болады: тұру, тамақтану, шеберлік сыныптары, қазақ халқының тұрмысына, салт-дәстүрлері мен мәдениетіне үңілу және т. б. осы ауданда аграрлық туризмнің дамуы Қорғалжын қорығының жақын маңында орналасқандықтан көптеген туристер құстарды көруге келеді.

Аршалы ауданында Константиновка және Аршалы ауылында орналасқан агротуризм субъектілері бар, олар омарташы, темір ұстасы, қонақ үй және жергілікті музыкалық топ, сонымен қатар жеке отбасылар ұлттық стильде түскі ас дайындай алады.

Солтүстік Қазақстан облысында Имантау кентінде маусымда туристерді қабылдайтын жеке омарташының бір омарта шаруашылығы бар. Сондай-ақ, татар отбасы мен фермер отбасына қонаққа қабылдау түрінде ұлттық - мәдени дәмге ену бойынша қызмет көрсетеді, онда шеберлік сабақтарымен бірге жергілікті гастрономияны көруге болады.

Қарағанды облысында бүгінгі таңда Шабанбай би кентінде жергілікті ауыл тұрғындары тұру және тамақтану қызметтерін, сондай-ақ сұраныс бойынша қолөнер шеберханаларын ұсынады.

Қарқаралы ұлттық паркіне жақын орналасқан Қарқаралы қаласында жергілікті тұрғындар үйлерінің базасында бірнеше қонақ үйлер бар және Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде 2 демалыс базасы бар.

Маңғыстау облысында Шайыр ауылында «Әлім-Тур» демалыс базасында тұру, гастрономия және мастер класс көрсету бойынша қызметтер көрсетеді. Сенек ауылында түйе шаруашылығында түйелермен суретке түсу, гастрономиялық дәм тату және тұру бойынша қызметтер көрсетеді. Ал Шетпе ауылында «Көгез» этно ауыл киіз үйлерді жалға беру және тамақтандыру бойынша қызметтер көрсетеді [21].

Жетісу облысында аграрлық туризмді дамытуға қолайлы Балқаш, Алакөл көлдері, «Жоңғар-Алатау», «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи парктері, Текелі қаласы сонымен қатар қарлы таулардан бастап құмды шөлейттерге дейін қамтитын аграрлы өңір болып табылады. Балқаш және Алакөл көлдерінде балық шаруашылығы бойынша қызмет көрсетіп, таулы аймақтарда бал шаруашылығына үйрету мүмкіндіктерін қарастыруға болады.

Текелі қаласында «Тау Жетісу» демалыс базасынан бастап, ара шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, этно ауылдар және экстрималды турларды ұйымдастыратын 11 аграрлық туризм нысаны жұмыс істеп тұр. Аталған талдауға сәйкес аграрлық туризм нысандарының өңір бойынша орналасқандығы бойынша кесте жасалды.


4 кесте - Республика бойынша аграрлық туризм нысандары

№	Облыс атауы	Қамтылған елді мекен саны	Аграрлық туризм нысаны
1	Алматы облысы	4	81 нысан
2	Ақмола облысы	16	30 нысан
3	Түркістан облысы	5	16 нысан
4	Жетісу облысы	2	13 нысан
5	Қарағанды облысы	1	7 нысан
6	Шығыс Қазақстан облысы	2	12 нысан
7	Солтүстік Қазақстан облысы	2	6 нысан
8	Маңғыстау облысы	3	3 нысан
9	Жамбыл облысы	1	1 нысан
10	Жалпы	36	169 нысан

Ескертпе – «Kazakh Tourism» ҰҚ ақпаратына сүйене отырып автормен құрастырылған

Жоба шеңберінде сандық зерттеу тәсілінің бір тәсілі әлеуметтік сауалнама жүргізілді, сауалнамадан 1150 респонденттер өтті.

Сауалнама сұрақтарының бірі респонденттің тұрғылықты жерінде аграрлық туризм қызметін көрсететін нысанның бар немесе жоқ туралы сұралған болатын. 1150 респонденттің ішінде 594 адам аграрлық туризм нысаны жоқ деп белгілесе, 75 адам бар алайда жұмыс жасамайды деп белгілегені анықталды. Сәйкесінде жоқ деп белгілеген респонденттердің үлесі 53%, ал бар бірақ ж 5,5% бар, алайда қызмет түрін көрсетпейді деген нұсқаны таңдаған.(2-сурет) Демек, аталған сұрақ арқылы республика көлемінде аграрлық туризм дамымаған және оны дамытуға мүмкіндіктер бар екендігі аңғартады. Себебі, 3 суретте көрсетілгендей, сауалнаманы өткен респонденттердің 87,4% демалуға келісетіндігін хабарлады, яғни аграрлық туризмге сұраныстың болатындығын дәлелдейді.



2 сурет - Аграрлық туризм нысаны бойынша ақпарат.
Ескертпе - сауалнама сұрағына сүйене отырып автормен құрастырылған



3 сурет - Аграрлық туризмге қызығушылық
Ескертпе - сауалнама сұрағына сүйене отырып автормен құрастырылған

Сауалнаманың нәтижесіне қарап, жоғарыда көрсетілген 8 өңірден басқа өңірлерде қонақ үйлерді қамтитын аграрлық туризм (ауылдық туризм) субъектілерінің болуы туралы нақты деректер жоқ және көптеген жағдайларда олардың болмауы байқалады.

Аграрлық туризмнің дамуын тежейтін факторлар келесідей:

Дүниежүзілік экономикалық форумның саяхат пен туризмді дамытудың жаһандық индексі – 2021 жылы *(саяхат пен туризмді дамыту индексі бойынша әлем елдерінің жиынтық рейтингі екі жылда бір рет ұсынылады)* Қазақстан 2019 жылдың (80-ші орын) алдыңғы индексімен салыстырғанда 14 позицияға көтеріліп, 117 елдің ішінде 66-шы орынға орналасты, ал «Туристік қызметтер инфрақұрылымы» 2019 жылғы индексінен 2 позицияға көтеріліп 76 орынға жайғасқаны анықталды ;

Маркетинг жоқ. Аграрлық туризм бойынша туристік агенттіктерде жарнамалау және маршруттардың жоқ екендігі анықталды. Мәселен интернет желісінде ашық ақпараттары бар туристік агенттіктердің парақшалары зерттелді, олардың ішіндегі 2 операторды айтсақ, Қазақстан бойынша 403 офісі бар «Поехали с нами» туристік агенттік желісі әлемдік 62 126 қонақ үйлеріне саяхаттар ұйымдастырады, сонымен қатар, ұлттық туристік оператор «Казкурорт» сайты зерделенді, сайттарды қарау барысында әлемнің және мемлекетіміздің қонақ үйлеріне саяхатты ұйымдастыратыны анықталды, алайда мемлекетіміздің ішінде орналасқан аграрлық туристік нысандарған арналған турлары анықталмады;

Туристік нысандардың адам саны көп шоғырланған ірі қалалардан алшақ орналасқан. Мәселен, Шетпе ауылы Ақтау қаласынан 170 шақырым қашықтықта, Алматы қаласынан Саты ауылына дейін 265 шақырым, Қарағанды қаласынан Шабанбай би ауылына 298 шақырым, Солтүстік Қазақстанда орналасқан Имантау кентіне Көкшетаудан 90 шақырым, ал облыс орталығы Петропавлдан 275 шақырым қашық орналасқан. Жолдың ұзақтығы келушілерге кішігірім кедергілер келтіру мүмкін, сонымен қатар аталған елді мекендерге әуе арқылы немесе темір жол арқылы қатынасу мүмкіндігі жоқ, тек көлікпен қатынайды;

Сауалнама барысында, респонденттер тарапынан 2 мәселе көтерілген болатын, соның бірі менталитет. Яғни, республикамыздың тұрғындары ішкі туризмнен гөрі сыртқы туризмге назар бөлуі. Мәселен Ұлттық статистика бюросының ресми ақпаратына сәйкес 2021 жылы Қазақстан Республикасының азаматтары ТМД және басқа елдерге турист ретінде шыққандардың саны 3 501 387 адамды құрады, яғни еліміздің басым бөлігі сыртқы туризмге назар аударатыны анықталды;

Екінші мәселе ол туристік нысандарда қызмет көрсету деңгейінің төмендігі. Қазақстан дүниежүзілік экономикалық форумның саяхат пен туризмді дамытудың жаһандық индексі бойынша 2021 жылы туризм саласындағы еңбек нарығының субиндексі бойынша 59-орынға жайғасты. Демек қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігінің төмен екендігін растайды .

Қорыта келгенде агротуристік нысандарының толыққанды дамуын тежейтін факторлардың тізімі келесідей болады:

- Туристік тартылыс орындарында инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, әлсіз логистика, орналастыру орындарының жеткіліксіздігі;
- Маркетингтік іс-әрекеттің төмендігі.
- Агротуристік нысандардың үлкен қалалардан шалғай орналасқандығы;
- Мемлекетіміздің азаматтары ішкі туризмнен сыртқы туризмге басымдық беру;
- Туристік нысандардағы қызмет сапасы төмен және туризмдегі кадрлардың біліктілігі сын көтермейді;

Жоғарыда көрсетілген тежеуші факторларға қоса ең басты фактор ол - Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің Жер кодексінің 97 бабының 3 тармағына сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісін және шаруа, фермер қожалықтарын жүргізу үшін берілген жер учаскелерінде және жеке қосалқы шаруашылықтың егістік телімдерінде, ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-діңгекті құрылыстар және (немесе) тіреуіштер салуды қоспағанда, ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда) салуға жол берілмейді. Бұл ретте мал шаруашылығы кешендерін салуға, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстарға және шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер, көп жылдық екпелер егілген жерлер жататын бағалы ауыл шаруашылығы алқаптары пайдаланыла алмайды [22] яғни, агротуристік нысандарының құрылысын шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер учаскелерінде жүргізуге тыйым салынады. Әлеуметтік сауалнама шеберінде аталған сұрақ қарастырылды. 1150 респонденттің 908 респонденті яғни 79% пайызы ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелеріне аграрлық туризм қызметін көрсететін нысан салуға рұқсат болса аграрлық туризм дами түсетіндігіне сенім білдірді (4 сурет).



4 сурет - Респонденттердің пікірі

Ескертпе - сауалнама сұрағына сүйене отырып автормен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген тежеуші факторларды ескере отырып Жетісу облысының ауыл халқының әл-ауқатын көтеру мүмкіндіктері зерделенді. Жетісу облысы көрікті жерлердің болуы және табиғи-ландшафтық дизайнның тартымдылығы бойынша Қазақстанның ең бай облыстарының бірі болып табылады. Алайда, облыс салыстырмалы түрде жақында қалыптасқандықтан, осы аймақта туризмнің дамуы артта қалып отыр. Жетісу облысы аумақтық бөлініс өткізілгеннен кейін 2022 жылғы маусымнан бастап құрылды. Жетісу

облысы Алматы облысынан бөлінгеннен кейін ескі аумақтың үлкен аумағын – 118,5 мың км² құрайды. Алайда, бұл облыста адам саны әлдеқайда аз – 667,6 мың адам тұрады, бұл облыс бөлінгенге дейін Алматы облысы халқының жалпы санының 31,68% - құрайды. Бұл әкімшілік-шаруашылық бөлінудің ерекшелігіне, сондай-ақ Алматы облысында халықтың көп шоғырлануына байланысты. Қазіргі уақытта Алматы облысында 1450,1 мың адам бар [23].

5 кесте - 2023 жылғы қаңтар айына негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер	Жетісу облысы	Ескі облыс көлемінде	Алматы облысы	Ескі облыс көлемінде
Халық саны, мың адам	698,6	31,68%	1 505,9	68,32%
Өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд теңге	122	14,56%	716	85,44%
Бөлшек тауар айналымы, млрд теңге	72,9	28,43%	183,5	71,57%
Жалпы өнім көлемі а / ш, млрд теңге	98	35,35%	179,2	64,65%
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге	90,9	29,66%	215,6	70,34%
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд теңге	34,4	27,61%	90,2	72,39%
Тіркелген заңды тұлғалардың саны.	7,8	30,23%	18	69,77%
Тіркелген ШОК субъектілерінің саны, мың бірлік	45,6	29,65%	108,2	70,35%
Облыс орталықтарындағы орташа айлық атаулы жалақы, мың теңге	208,9	99,90%	209,3	100,10%
Ескертпе - статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған				

Жетісу облысының экономикалық қалыптасуы Алматы облысының дамуына сәйкес келмейді. Жетісуда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2022 жылдың соңында 122 млрд теңгені құрады, бұл аймақ бойынша аумақтық бөлініске дейінгі көрсеткіштердің 15% - құрайды. Облыс бойынша бұл негізгі экономикалық көрсеткіш екінші жартыжылдықта төмендегенін көрсетті. Жетісу Қазақстан Республикасының өңірлері арасында өнеркәсіптік өндіріс индексі бойынша соңғы орынға ие болды. Бұл көрсеткіштің төмендеуі электр батареялары мен металл конструкцияларын өндірудің қысқаруына байланысты болды.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша (сауда, ауыл шаруашылығы, құрылыс өнімінің көлемі, заңды тұлғалар саны) Жетісу облысы бұрынғы шекараларда Алматы облысының 30-35% - алып жатыр. Жаңа облыста бұл салалардағы көрсеткіштердің өсуі Алматыға қарағанда әлдеқайда оңай. Себебі өңірдің негізгі саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Егер Алматы облысымен салыстырғанда қарастыратын болсақ, онда осы өңірдің дамуы Алматы облысынан қанша артта қалғанын көруге болады (5-кесте).

Облыс аумағында тұратын адамдарың саны 698 675 адамды құрады, оның ішінде 307 200 адам экономикалық белсенді азаматтар, соның ішінде 292 900


адам тұрақты түрде жұмысы бар азаматтар. Тұрақты жұмысы бар адамдардың ішіне 29 600 адам тәуелсіз жұмысшылар, яғни өз бетінше жұмыспен қамтылғандар. Облыс тұрғындарының жалдамалы қызметкерлерінің жалақысы (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды ескере отырып) орташа айлық номиналды жалақысы 204 817 теңгені құрады. Сонымен қатар, өңірдің 78 мың азаматы (48 мың ауыл халқы, 30 мың қала тұрғындар) 100 000 теңгеден төмен жалақы алатындығы анықталды.

Облыстың негізгі әлеуметтік даму бағыты аграрлық бағыт болғандықтан облыс көлемінде 19 842 шаруа немесе фермерлық қожалықтар тіркелген бұл республикамыздың небәрі 8%-ын құрайды, республика көлемінде 247 693. Ауыл шаруашылығы секторында 818 қызметкер жұмыс істесе республика бойынша 61 304 жұмыс істейді, яғни небәрі 0,5% құрайды және олардың еңбек ақы көлемі 138 186 теңгені құрайды. Есептеп келгенде 1 шаруа немесе фермер қожалығына 0,04 жұмыскер тиесілі екендігі, республика көлемінде сәйкесінше 0,24 жұмыскер жұмыс жасайды делінген ресми ақпараттарға сүйенсек.

Жетісу облысы бойынша туристік саланы қарау кезінде туристерді орналастыру орындарының қызметі туралы статистикалық көрсеткіштерге талдау жүргізілді (5-диаграмма).

Жетісу облысында туристерді орналастыратын 349 орын бар, бұл республика бойынша 8,8% және Алматы облысына қарағанда 2,6% - ға артық. Оның 55,9% - ы (195 орын) бір қабатты бунгалоларға, ауылдық үйлерге (шале), коттеждерге, шағын үйлер мен пәтерлерге тиесілі. Мейрамханасыз қонақүйлер сәйкесінше 58 және мейрамханасы 55, 16,6% және 15,8% құрайды. 1 тіркеме паркі бар. Орналасу нысандарының 75,9%-ы немесе 265 орын ауылдық жерлерде, ал қалада 24,1%-ы яғни 84 нысан бар екендігі анықталды.

2022 жылы Жетісу облысында қызмет көрсетілген келушілер саны 288,2 мың адамды құрады, бұл Алматы облысында сол кезеңде 5,1% (281,4 мың адам) қызмет көрсетілген кезде республикалық көлемнің 5,3% құрайды. Алайда, Жетісу облысында көрсетілген қызметтер көлемі 3 733,8 мың теңгені (2,9%) құрады, Алматы облысында бұл көрсеткіш 5 371,2 мың теңгені (4,2%) құрады. Аймақтың баға саясаты төмен бұл бәсекелестік артықшылық болуы мүмкін.



5 диаграмма - Жетісу облысындағы туристерді орналастыру орындары санының құрылымы

Ескертпе - статистикалық ақпаратқа сүйене отырып автормен құрастырылған

Қолда бар қонақ үйлердің арасында «5 жұлдыз» санаты жоқ, алайда «4 жұлдыз» бар, олардың келушілері ел тұрғындары болып табылады, олардың саны 9,6 мың адамды құрайды. Мұндай қонақ үйлердің толымдылығы 64,4% құрайды.

Жетісу облысында көптеген ландшафттық, географиялық, табиғи орындар бар, олар:

- «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі;
- Әнші бархан;
- Алакөл Көлі;
- Балқаш Көлі;
- Ақтау және Катутау таулары;
- Емдік бұлақтар мен Ақбұлақ сарқырамасы;
- Бесшатыр сақ қорғандары;
- Қосбастау Шатқалы;
- Көрін шатқалы;
- Ошактас Стелалары;
- Бұрқанбұлақ сарқырамасы.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарға сәйкес Жетісу облысының ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бойынша бағыттар келесідей:

- ШОК санының арттуы арқылы және осы кәсіпкерліктердегі жұмысшылардың санын арттыру;
- Ауыл шаруашылығы секторына жұмысшылар санын арттыру;
- Шаруа және фермер қожалықтардың базасында қожалықтың жанында аграрлық туризм қызметін көрсететін нысандарын құру.

Талдауларға сәйкес, магистерлік жоба көлімінде ұсыныс ретінде шаруа және фермерлік қожалықтардың жанында агротуристік нысандарды құру арқылы туристерге өздерінің қызметін, білімін және экологиялық таза тауарларын ұсыну арқылы ауыл халқының әл-ауқатының көтерілуіне мүмкіндік жасау ұсынылады.

Аграрлық туризмді одан әрі дамыту үшін осы рейтингі Қазақстаннан жоғары басқа елдердегі аграрлық туризмді дамыту көрсеткіштерін салыстырамыз. Елдерді таңдау үшін біз экономиканың құрылымы ұқсас елдерді анықтаймыз, оларды тауарлар экспортының құрылымымен анықтауға болады. Мұндай елдерге Беларусь кіреді. ДСҰ деректері бойынша Беларусь пен Қазақстан экспортының құрылымы мынадай көрсеткіштермен ұсынылған (6-кесте).

Ол үшін экспорттың ұқсастық индексін қолданамыз. XS экспорттық ұқсастық индексі келесідей анықталады:

$$XS(P,Z) = \sum \min(x_iP, x_iZ),$$

мұндағы XS (P, Z) - салыстырылатын P елі мен Z елі арасындағы экспорттық ұқсастық индексі;

x_iP - осы елдің экспорт көлеміндегі i тауардың үлесі;

x_iZ - Z экспорт көлеміндегі i тауардың үлесі.

Бұл индекс 0-ден 1-ге дейін (0%-дан 100% - ға дейін), әрине, 0 (0%) көрсеткіші салыстырылатын елдердің экспортында қандай да бір ұқсастықтың жоқтығын және экспорттың 1 (100%) абсолютті ұқсастығын білдіреді.

6-кесте. Қазақстан мен Беларусь экспортының ұқсастығы

	Қазақстан	Беларусь
Топтың атауы	Экспорт құрылымындағы үлесі, %	Экспорт құрылымындағы үлесі, %
Тауарлар	16,3	21,4
Минералды өнімдер	75,6	56,3
Ауыл шаруашылығы өнімдері	7,2	15,3
Басқалар	0,9	7,0
Барлығы	100	100

Ескертпе - ДСҰ ақпаратына сәйкес автормен құрастырылды

$$XS(P,Z) = 16,3 + 56,3 + 7,2 + 0,9 = 80,7\%.$$

Осылайша, Қазақстан мен Беларусь экономикасының құрылымы шамамен 81% - ға сәйкес келетіндігін назарға ала отырып, Беларусь мемлекетінің аграрлық туризмді қолдау тәжірибесін пайдалануға болады.

Дәлел ретінде Беларусь мемлекетінде 2006 жылы 34 агротуристік нысан болса 2019 жылдың соңында 2760 нысан болды. Агротуристік нысандардың 81 есеге өсуінің себепкері 2006 жылы Беларусь Республикасында агротуризмді

дамытудың алғашқы қадамы мемлекеттің осы бағыттағы өте адал саясаты болды: "Беларусь Республикасында агроэкотуризмді дамыту жөніндегі шаралар туралы" Беларусь Республикасы Президентінің 02.06.2006 № 372 Жарлығы, ол агроөнеркәсіптік кешеннің құрылтайшыларын салықтан босатты және ауыл шаруашылығына арналған жерлерге аграрлық туристік нысандардың құрылысын жүргізуге рұқсат берілді. Беларусь мемлекетінің халық саны 9 500 000 жетер жетпес, ауыл шаруашылығына арналған жер телімінің ауданы 8,5 миллион гектарды құрайды және осы ауыл шаруашылығы секторында 405,4 мың адам тұрақты түрде жұмыс атқарады. Ал, Қазақстан Республикасының халық саны 19,7 миллионды құраса ауыл шаруашылығына арналған жер телімінің ауданы 105,1 миллион гектарды құрайды және осы секторда небәрі 61 304 адам тұрақты түрде жұмыс атқарады.

Жетісу облысында қазіргі таңда 13 аграрлық туристік нысан қызмет атқаруда, және осы нысандарда ең кемінде 4 адам қызмет атқарады, ресми ақпаратқа сүйенсек жалақы мөлшері 178 395 теңгені құрайды. Есептеп көрсек:

$$N=A/B$$

N – Өсу коэффициенті

A - Жарлық енгізілгеннен кейінгі агротуристік нысан саны

B - Жарлық енгізілгенге дейінгі агротуристік нысан саны

$$N=2760/34$$

$$N \approx 81$$

Жетісу облысы үшін формула келесідей болады:

$$A=N*B$$

$$A=81*13$$

$$A=1053$$

Яғни, ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелеріне арналған жер телімдеріне аграрлық туристік нысанарды салуға рұқсат беретін болсақ Беларусь мемлекетінің тәжірибесі сияқты оптималды түрде 1053 агротуристік нысанға дейін өсу мүмкіндігі бар. Пессимистік болжам ретінде түзету коэффициентін 0,5 деп алатын болсақ:

$$1053*0,5=526$$

агротуристік нысанға дейін өсуі мүмкін.

Агротуристік нысан * Жұмысшылар саны * Жалақы = Жалақы қоры

$$526 * 4 * 178 395 = 375 343 080 \text{ теңге}$$

Жеке тұлғаның жалақы қорынан 10 % табысы яғни 37 534 308 теңге бірінғай жинақтық зейнетақы қорына туристік маусымның айына аударылса, сәйкесінше табыстың қалған сомасынан 10 %-ы 33 780 877,2 теңге жеке табыс салығы ретінде бюджетке түседі. Сонымен қатар, жаңадан келетін туристер есебінен қосалқы табыс көздерінің туындауына жол ашады. Аталған жұмысқа Жетісу облысының ауылдық тұрғындарын қамтитын болса 100 мың теңгеге дейін алатын 48 мың адамның санын пессимистік болжам бойынша 5%-ға дейін, ал оптимистикалық болжам бойынша 10%-ға дейін төмендету мүмкіндігі пайда болатындығы анықталды.

Республика көлемінде келесідей болады:

$$A=169*81$$

$$A=13\ 689$$

Яғни, ауыл шаруашылығына арналған жер учаскелеріне арналған жер телімдеріне аграрлық туристік нысанарды салуға рұқсат беретін болсақ Беларусь мемлекетінің тәжірибесі сияқты оптималды түрде 13 689 агротуристік нысанға дейін өсу мүмкіндігі бар. Пессимистік болжам ретінде түзету коэффициентін 0,5 деп алатын болсақ:

$$13\ 689*0,5=6844$$

агротуристік нысанға дейін өсуі мүмкін.

$$\text{Агротуристік нысан} * \text{Жұмысшылар саны} * \text{Жалақы} = \text{Жалақы қоры}$$
$$6844 * 4 * 178\ 395 = 4\ 883\ 741\ 520 \text{ теңге}$$

Жеке тұлғаның жалақы қорынан 10 % табысы яғни 488 374 152 теңге бірінғай жинақтық зейнетақы қорына туристік маусымның айына аударылса, сәйкесінше табыстың қалған сомасынан 10 %-ы 439 536 736,8 теңге жеке табыс салығы ретінде бюджетке түседі. Сонымен қатар, жаңадан келетін туристер есебінен қосалқы табыс көздерінің туындауына жол ашады.

Қорытынды

Елімізде туристік әлеуеті жоғары өңірлер зерделенді, әлемдік тәжірибе зерделенді. Ауыл халқының әлауқаты зерделенді және аграрлық туризмнің дамуына тежеуіш факторлар да зерделенді.

Ауыл халқының әл-ауқаты қай мемлекетте болмасын баса назарда тұратындығы белгілі, еліміздің туристік әлеуетін пайдалану арқылы ауыл халқының әл-ауқатын көтеруге болады. Дәлел ретінде ауыл шаруашылығы нысандарының базасында негізгі жұмысына қосымша ретінде агротуристік қызмет көрсету нысанын салып туристерге қызмет көрсететін болса онда әлеуметтік және экономикалық эффектісі есеп арқылы көрсетілді. Аграрлық туризмді дамыту арқылы ауыл халқының әл-ауқатын көтеруге болатындығы анықталды.

Ауыл халқының әл-ауқатын көтеру үшін аграрлық туризмді дамыту бойынша Жер кодексінің 97 бабының 3 тармағына сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісін және шаруа, фермер қожалықтарын жүргізу үшін берілген жер учаскелерінде және жеке қосалқы шаруашылықтың егістік телімдерінде, ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-діңгекті құрылыстар және (немесе) тіреуіштер салуды қоспағанда, ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда) салуға жол берілмейді. Бұл ретте мал шаруашылығы кешендерін салуға, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстарға және шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарға суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер, көп жылдық екпелер егілген жерлер жататын бағалы ауыл шаруашылығы алқаптары пайдаланыла алмайды. Осыған орай, осы бапқа аграрлық туризм нысандарын салуға рұқсат беру қажет. Ауыл шаруашылығы жер учаскелеріне аграрлық туризм нысандарын салуға рұқсат берілмесе Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 41 және 45 баптарына өзгеріс енгізуді ұсынамын.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 41-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының түсінігі мен нысандарын кеңейту қажет.

Аталған бапта, адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады. Осыған орай аталған бапқа аграрлық (ауылдық) туризмді қосу қажет.

Аталған ұсыныс енгізілетін болса онда елімізде оптимистік болжам бойынша қосымша фермер қожалықтарының жанында құрылған аграрлық туристік нысандардың саны 13 689 бірлікті құрайтын болады. Әр нысанда кем дегенде 4 адам қызмет атқарады деп есептейтін болсақ, онда қосымша 54 756 адамға жаңа жұмыс орны ашылады. Ауылдан қалаға көшу үрдісі баяулайды. Сонымен қатар, жаңа туристердің легі жаңа экономикалық серпін беріп мемлекетке экономикалық эффектісін арттыра түседі.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Ұлттық статистика бюросы сайтынан.
<https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/5> (дата обращения: 12.02.2023)
- 2 Концепция развития сельских населенных пунктов на 2023-2027 годы
- 3 «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 218 қаулысы.
- 4 <https://nationalaglawcenter.org/wp-content/uploads/assets/agritourism/florida.pdf>
Дата обращения: 17.02.2023
- 5 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы.
- 6 <https://articlekz.com/kk/article/29371> (дата обращения: 05.03.2023)
- 7 Панюков. А.И., Панюкова А.И. Агротуризм: современное состояние и перспективы развития. - Известия МГТУ «МАМИ» № 4(18), 2013, т. 2с -92-99 .
- 8 Организация сельского туризма. Практические рекомендации по организации альтернативной занятости сельского населения. Выпуск 5. – М.: ФГНУ «Росинформагротех», 2009. с– 170
- 9 Качмарек Я., Стасяк А., Влодарчик Б. Туристский продукт. Замысел. Организация. Управление. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008. с– 495-499 .
- 10 ZENITH International Journal of Multidisciplinary Research, ISSN 2231-5780
THEORY OF AGRI-TOURISM AND ITS PRACTICE IN INDIA ROHIT RAVINDRA BORLIKAR*; DR. Y. VENKATA RAO
https://www.academia.edu/43433576/THEORY_OF_AGRI_TOURISM_AND_ITS_PRACTICE_IN_INDIA_ROHIT_RAVINDRA_BORLIKAR_DR_Y_VENKATA_RAO#:~:text=Agritourism%20is%20the%20incorporation%20of,with%20a%20commercial%20tourism%20element. Дата обращения: 01.04.2023
- 11 National Agricultural Library U.S. DEPARTMENT OF AGRICULTURE Center. Agritourism - An Overview.
- 12 Беспарточный Б.Д. Агротуризм: терминология и сущностные характеристики / Б.Д. Беспарточный, А.В. Хромова // Изв. Юго-Западного гос. ун-та. — 2014. — № 4 (55). — С. 117–122.
- 13 Глаголева Л.Э., Куксова И.В., Жук С.Н., Певнева Д.М. Агротуризм – перспективное направление туристического бизнеса в Рос-сии // Экономика. Инновации. Управление качеством. – 2016. - №1. – С. 43-47.
- 14 Григорьева М.П. Сельский туризм: по-нятие, история и тенденции развития // Меж-дународный научный журнал «символ науки». – 2016. - №1. – С. 93-97.
- 15 Галимова Д.Р. Сельский туризм: поня-тие и перспективы развития в Южном Феде-ральном округе // Via scientiarum – Дорога знаний. – 2015. - №4. – С. 164-171.

- 16 Трухачев А.В. Сельский туризм как фактор развития региональной экономики туризма в РФ // Вестник АПК Ставрополя. –2017. - №4 (28). – С. 154-158.
- 17 Качество жизни населения в Казахстане в 2023 году. Статистический бюллетень. Серия «Статистика уровня жизни». – Астана: Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс].- 2022.- URL: <http://www.stat.gov.kz>. Дата обращения: 12.04.2023
- 18 Акимбекова Ч.У., Досумова Ж.С. Повышение благосостояния сельского населения казахстана. Проблемы агрорынка. 2019; (3):165-173.
- 19 Казначеева С.Н., Челнокова Е.А., Коровина Е.А. АГРОТУРИЗМ КАК ОДНО ИЗ ПЕРСПЕКТИВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ ИНДУСТРИИ ТУРИЗМА // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 3-2. – С. 248-252;
- 20 Крутиков В.К. Малое предпринимательство и социально-экономический рост: Анализ отечественного и зарубежного опыта.- М.: Изд-во «Ноосфера», 2006
- 21 Модель развития аграрного туризма в Казахстане на основе изучения мировой практики и полевых исследований В рамках дополнительного соглашения от 20 июля 2020 года №2 к Договору на выполнение государственного задания от 20 марта 2020 года №16
- 22 Қазақстан Республикасының Жер кодексі
- 23 Болатов А., «Совершенствование туристкой деятельности в области Жетісу» //XII международная научно практическая конференция «Наука и образование в современном мире выховы XXI века»- 2023. -№3 том. С.36-39

Ұсыныс

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция	Негіздеме
Қазақстан Республикасының Жер кодексі				
1.	97 баптың 3 тармағы мынадай редакцияда жазылсын	97-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ұғымы және оның құрамы 3. Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалықтарын жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген жер учаскелерінде және жеке қосалқы шаруашылықтың егістік телімдерінде, ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-дінгекті құрылыстар және (немесе) тіреуіштер салуды қоспағанда, ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда) салуға жол берілмейді.....	97-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ұғымы және оның құрамы 3. Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалықтарын жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларға берілген жер учаскелерінде және жеке қосалқы шаруашылықтың егістік телімдерінде, аграрлық (ауылдық) туризм нысандары , ұялы немесе спутниктік байланыс жабдығына арналған антенна-дінгекті құрылыстар және (немесе) тіреуіштер салуды қоспағанда, ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда) салуға жол берілмейді.....	Ауыл шаруашылығы жер учаскелерінде және жеке қосалқы шаруашылықтың егістік телімдерінде аграрлық (ауылдық) туризм нысандарын салуға жол беріледі.
Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі				
2.	41 баптың 1 тармағы мынадай редакцияда жазылсын	41-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының түсінігі мен нысандары 1. Адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады.	41-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының түсінігі мен нысандары 1. Адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады. сондай-ақ аграрлық (ауылдық) туризм.	Ауыл шаруашылығы алқаптарында шаруа және фермер қожалықтары жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін (оның ішінде аграрлық туризм қызметін) кеңейту талап етіледі.
3.	45 баптың 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын	45-бап. Шаруашылық жүргізу нысаны ретіндегі шаруа немесе фермер қожалығы 2. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қызметінің бағытын, өндірісінің құрылымы мен көлемдерін дербес айқындайды, өнімді өсіреді, ұқсатады және сатады, сондай-ақ шаруашылық жүргізумен байланысты басқа да мәселелерді шешеді.	45-бап. Шаруашылық жүргізу нысаны ретіндегі шаруа немесе фермер қожалығы 2. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қызметінің бағытын, өндірісінің құрылымы мен көлемдерін дербес айқындайды, өнімді өсіреді, ұқсатады және сатады, сондай-ақ шаруашылық жүргізумен байланысты басқа да мәселелерді шешеді сондай-ақ аграрлық (ауылдық) туризм.	Ауыл шаруашылығы алқаптарында шаруа және фермер қожалықтары жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін (оның ішінде аграрлық туризм қызметін) кеңейту талап етіледі.
4.	45-баптың 3-тармағы 5) тармақшаме н толықтыры лсын	3. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қызметін жүзеге асыру кезінде мыналарға құқылы: ... 5) Жоқ	3. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қызметін жүзеге асыру кезінде мыналарға құқылы: 5) аграрлық (ауылдық) туризм саласындағы қызметті жүзеге асырады.	Ауыл шаруашылығы алқаптарында шаруа және фермер қожалықтары жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін (оның ішінде аграрлық туризм қызметін) кеңейту талап етіледі.